

"Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 6 қазандағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 қазанда № 30083 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10768 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) Қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі

C. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 20 наурыздагы
№ 137 бұйрығына
2-қосымша

Қашықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді және қашықтан оқытуды ұйымдастыру қағидалары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді, білім алушыларға арналған қосымша білім беруді ұсыну тәртібін және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары жөнінде онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын айқындайды.

2. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қашықтан оқыту облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары бұйрығының негізінде барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

3. Ауа райының қолайсыз метеожағдайларына байланысты қашықтан оқыту "Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында білім беру үйымдарында, сондай-ақ техникалық және көсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында сабактарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қантардағы № 42 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13076 болып тіркелген) сәйкес облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органының бұйрығы негізінде үйымдастырылады.

4. Білім беру үйымдары қашықтан оқытуды:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) қатысу кезеңіне арналған халықаралық, респубикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

3) ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің өтініші бойынша белгілі бір кезеңге арналған педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңестің шешімімен орта білім беру үйымдарындағы білім алушыларға;

4) техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы (бұдан әрі – ТжКОБ) білім алушыларға мамандықтардың белгілі тізбесі бойынша осы Қағидаларда белгіленгеннен аспайтын көлемде;

5) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім алушыларға кадрларды даярлау бағыттары белгілі тізбесі бойынша осы Қағидаларда белгіленгеннен аспайтын көлемде ұсынады.

5. Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін үйымдастырудың осы қағидаларында және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында мынадай ұфымдар пайдаланылады:

1) асинхронды оқыту форматы – белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту немесе онлайн оқыту;

2) қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

3) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және техникалық құжаттаманың үйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен

телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

5) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

6) білім беру порталы – ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сипатындағы ақпараттық ресурстар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуіне арналған ақпараттық жүйе;

7) онлайн-курс – нақты уақыт режимінде, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да алдын ала жазылған дәрістерді пайдалана отырып, Интернет арқылы білім, дағылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін, ЖЖОКБҰ бекітетін оқу бағдарламасы;

8) онлайн-оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара іс-қимыл жасау арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны;

9) онлайн прокторинг – жеке тұлғаны верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі, ол жазбаның сақталуын, жеке адамды тану мен сәйкестендіруді, шу деңгейін анықтай отырып, бас пен дененің қозғалысын талдауды, мультифейсті тануды, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұрау салуды, күдікті оқиғаларды логациялауды қамтамасыз етеді;

10) синхронды оқыту форматы-білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алатын, оны басқалармен талқылай алатын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн-оқыту қатысушылар мен оқытушылар кез келген жерден барлығы үшін бірыңғай уақыт кезеңінде;

11) оқытуды басқару жүйесі (LMS) (Элэмэс)-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы үшін қашықтықтан оқытуды және онлайн-оқытуды қамтамасыз ететін оқу материалдары мен құралдары кешенін қамтитын оқу курсдарын әкімшілендіруге арналған платформа;

12) білім алушының цифрлық ізі-бұл LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

13) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР) –интерактивтік нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша

дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық Оқу материалдары;

2-тарау. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысуышылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады.

7. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді.

8. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда қашықтан оқытуға толық ауысқан кезде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы білім алушылардың ақпараттық жүйесіне (білім беру порталына) және электрондық сабак кестесіне, электрондық журналга, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

9. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысуышыларды қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының немесе басқа да занды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші және қатысу мерзімдерін көрсетумен білім алушының халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысқанын растайтын, қатысу кезеңіне мерзімдерді көрсете отырып уәкілетті мемлекеттік органдың бүйрүгі (хаты) негізінде жүзеге асырылады.

Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық конкурстар, фестивальдар аяқталғаннан кейін орта білім беру ұйымының білім алушысы бөлімге/толассыз тақырыпқа жиынтық бағалауды (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсанға жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырады, өткізу мерзімдері сәйкес келмеген кезде БЖБ, ТЖБ "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудей үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бүйрүгіна сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) жеке кесте бойынша тапсырады.

10. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге қатысатын ТЖКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымдарының білім алушыларға арналған оқу сабактары оқытуудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады.

Прокторинг жүйесін қамтамасыз ететін ТЖКОБ және ЖЖОКБҰ ұйымдары үшін қашықтықтан оқытууды қолдана отырып қорытынды аттесттатау тапсыру көзделеді.

11. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтан оқыту "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазанды № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Қашықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

12. Денсаулық мүмкіндіктерінің уақытша шектеулері бар және ТЖКОБ, ЖЖОКБҰ ұйымдарына тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға арналған оқу сабактары оқытуудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы және оқу материалдарын өз бетінше игеру арқылы білім беру ұйымының шешімі бойынша ұйымдастырылады.

13. Білім алушы үшін орта білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту оның ата-анасының немесе өзге де занды өкілінің өтініші негізінде үлгерім көрсеткіштері, баланың пікірін, мектеп психологияның қорытындысын, білім алушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары актісін ескере отырып, қашықтан оқыту үшін жағдайлардың болуы негізінде педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) қашықтан оқыту кезінде орта білім беру ұйымы білім алушыға оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, оқулықтарды, БЖБ және ТЖБ, ағымдағы, аралық және мемлекеттік қорытынды аттесттатауды өткізу кестелерін ұсынады;

2) білім алушының оқу сабактарын ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері дербес ұйымдастырады, сондай-ақ қосымша білім беру (секциялар, спорт, шығармашылық, білім беру үйірмелері және басқалар) арқылы оқыту процесін және оны әлеуметтендіруге жағдай жасайды;

3) қашықтан оқыту кезінде білім алушы тиісті білім беру деңгейінің оқу бағдарламаларын менгереді, орта білім беру ұйымында ағымдағы (БЖБ, ТЖБ), аралық және қорытынды аттесттатаудан уақтылы өтеді. Бұл ретте білім алушы БЖБ-ны дәстүрлі және (немесе) қашықтық форматта өтуіне болады;

4) ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды білім алушылар бекітілген орта білім беру үйіміна орналасқан жері бойынша тапсырады. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша педагогикалық кеңес білім алушыны қашықтан оқытууды ұзарту немесе оны дәстүрлі оқыту форматына ауыстыру туралы тиісті шешім қабылдайды;

5) оқу процесінде білім алушы нашар менгерген тақырыптар бойынша пән мұғалімдеріне, қажет болған жағдайда мектеп психологіне, медицина қызметкеріне, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторға, орта білім беру үйімінің әлеуметтік педагогына жүгінуге құқылы;

6) білім алушы білім беру үйімінің спорттық, мектептік және мектептен тыс іс-шараларына қатысуға құқылы;

7) білім алушы бекітілген орта білім беру үйімі оған спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыйнаптар мен кітапхананы тегін пайдалануды қамтамасыз етеді.

14. Оқыту нысандарына қарамастан қашықтан оқытуға жол берілетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша тізбесін ТжКОБ, ЖЖОКБҰ үйімі дербес айқындаиды және басшынің бұйрығымен бекітіледі.

15. Білім беру бағдарламасын менгеру процесінде білім алушынің пәнді және (немесе) модульді сактауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабаққа қатысуын мониторингтеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

16. Қашықтан оқыту кезінде орта білім беру, ТжКОБ үйімдары "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес білім беру процесінің нәтижелерін және ішкі құжат айналымын есепке алуды жүргізеді және сактауды жүзеге асырады.

17. ТжКОБ үйімдарында оқытуудың күндізгі нысаны кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыйнаптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17564 болып тіркелген) сәйкес мамандықтар және біліктіліктер бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқытуудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға жол беріледі.

18. ТжКОБ үйімдарында оқытуудың сырттай немесе кешкі нысаны кезінде, сонымен қатар экстернат нысанында оқыту кезінде "Мәдениет және өнер, дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 ақпандығы № 40 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген) сәйкес мамандықтар және біліктіліктер бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға көзделген академиялық сағаттарды/кредиттерді қоспағанда, жұмыс оқу жоспарына сәйкес оқытуудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға жол беріледі.

19. Бұл ретте осы Қағидалардың 17, 18-тармағында көрсетілген шектеулер осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды.

20. ЖЖОКБҰ-да педагогикалық ғылымдар, құқық, хореография, аспаптық орындау, авиациялық техника мен технологиялар, құрылыш, теңіз техникасы мен технологиялары, денсаулық сақтау, әскери іс, ветеринария саласындағы кадрларды даярлау үшін оқытуудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

ЖЖОКБҰ-да кадрларды даярлаудың басқа бағыттары бойынша кадрларды даярлау үшін оқытуудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан елу пайыздан аспайтын көлемінде қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

Қашықтан оқытууды қолдана отырып пәндерді оқу кезінде әрбір пәннің жалпы көлемінің жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға ауыстыру көзделеді, бұл ретте синхронды сабактардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда.

21. ЖЖОКБҰ осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларды "Оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) қағидаларда айқындалған тәртіппен жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

22. ЖЖОКБҰ консультациялық қолдау көрсетуді және білім беру бағдарламасын менгеру процесінде білім алушының пәнді сақтауына, сабакқа қатысуына, логирленуіне, материалдарды зерделеу барысына және тапсырмалардың уақтылы орындалуына қатаң мониторинг жүргізуі, оның цифрлық ізі арқылы бағалауға бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

23. ЖЖОКБҰ қашықтықтан оқытуудың онлайн-курстарының құрылымы мен мазмұнын дербес анықтайды.

24. Қашықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының түрлерінің еңбек сыйымдылығы сақталады.

25. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қашықтан оқытуға көшу кезінде онлайн форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабактар келесі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

26. Білім беру саласындағы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

Білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлемінде жиырма пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

Білім алушыларды қос дипломдық бағдарламалар және білім алушыларды алмасу бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлеміненің елу пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

27. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша және екі дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің көбірек көлемін қашықтан оқытуды қолдана отырып зерделеуге жол беріледі.

28. Білім алушылар ересектерге бейресми білім беру арқылы ЖЖОКБҰ-мен келісім бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, оның ішінде ЖАОК-ны менгереді, олардың оқыту нәтижелері ЖЖОКБҰ-мен белгіленген тәртіппен дербес танылады, барлық оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайды.

3-тaraу. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

29. Білім алушыларды онлайн-оқытуға қабылдауды ЖЖОКБҰ "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бүйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) (бұдан әрі - қабылдаудың үлгілік қағидалары) бекітілсін.

30. "Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар қадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 бұйрығымен бекітілген қадрларды даярлау бағыттарының тізбесі бойынша Онлайн-оқытуға жол берілмейді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17513 болып тіркелген).

31. ЖЖОКБҰ онлайн-оқытуды жүзеге асырады және "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес білім алушыларды жеке оқу жоспарымен қамтамасыз етеді, және білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесі бекітеді.

32. Онлайн оқытуды ұйымдастыру ЖЖОКБҰ-да бекітілген академиялық саясатқа, академиялық адалдық саясатына, студенттің ар-намыс кодексіне, этика, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына, ішкі сапа стандарттарына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес көздейді.

33. Онлайн-оқыту қадрларды даярлаудың тиісті бағыты үшін білім беру бағдарламаларының негізіне енгізілген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарына сәйкес ЖЖОКБҰ-да дербес әзірленеді) негізінде оқу жоспарлары (оқу жұмыс жоспарлары) әзірленетін оқу нәтижелерін көрсетеді., Жеке оқу жоспарлары) және пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар).

34. Онлайн оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді, бұл ретте синхронды сабактардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20% - ын қурайды.

35. ЖЖОКБҰ білім алушыны техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және дербес деректерді өндеуге келісімді және онлайн-платформаның пайдаланушылық келісімінің шарттарын қабылдауды көздейтін білім алушымен шарт жасасады ЖЖОКБҰ саясатына сәйкес ресімделеді.

36. Онлайн-оқыту ЖЖОКБҰ білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады, оған келесілер кіреді:

1) оқытуды басқару жүйесін, оның ішінде курс элементтерінің кіріктірілген құрылымын: оқыту нәтижелерін және оқыту нәтижелеріне қол жеткізу ді тексеруге бағытталған бақылау тапсырмаларын, лекцияларды, практикалық, зертханалық тапсырмаларды, курсты бағалау саясатын, аудио, бейне-контентті, электрондық құжаттарды, суреттерді, медиасервистерге гиперсілтемелерді, электрондық кітапхананы міндетті түрде көрсете отырып, силлабустарды; Қоршағанортаминің платформасы, білім беру процесіне қатысуышылармен кері байланыс, топтық сабактарды ұйымдастыру, оқытушы-білім алушының өзара іс-қимылды үшін қолжетімді корпоративтік арналар, білім алушы-білім алушки, оқытушы-оқытушы, әкімшілік-білім алушки;

2) білім алушылар турали деректерді басқару жүйесі: жеке есеп жазбасына қол жеткізу, білім алушылардың үлгерімін, оқу процесін ашықтығын, қатысуын қамтитын оқу процесін басқару, онлайн курстарға немесе бейнеконференцбайланыс жүйесіндегі сабакқа сілтемелері бар асинхрондық және/немесе синхронды оқыту форматын ескере отырып, оқу сабактарының электрондық кестесі, оқу пәндеріне онлайн-тіркеу;

3) зерттеулерді басқару жүйесі: зерттеу жобаларының, жарияланымдардың, ғылыми әзірлемелердің, ғалымдардың базасы және зерттеу нәтижелері.

37. ЖЖОКБҰ онлайн - оқыту деректерін ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне өзектілендірілген беруді қамтамасыз етеді.

38. ЖЖОКБҰ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан серверлерде білім алушылардың персоналды деректерін орналастыруды қамтамасыз етеді, оларды отандық провайдерлер және/немесе ЖЖОКБҰ IT - мамандары әкімшілендіреді, қызмет көрсетеді және қолдайды.

39. ЖЖОКБҰ қамтамасыз етеді:

1) білім алушыларды ЖЖОКБҰ-ның ғылыми-зерттеу қызметіне және әлеуметтік-мәдени өміріне тарту;

2) академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын ЖЖОКБҰ-ның білім беру порталында және ЖЖОКБҰ-ның дайындық актісімен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес цифрлық контентті орналастыру;

3) келесі талаптарға жауап беретін сандық контенттің сапасы: толықтығы, әртүрлілігі, педагогикалық дизайнның болуы, мультимедиа. ЖЖОКБҰ Онлайн-курсы онлайн-курсты әзірлеу, орналастыру және/немесе пайдалану жөніндегі бекітілген ішкі нормативтік құжатқа сәйкес әзірленеді немесе пайдаланылады;

4) ЖЖОКБҰ-ның ресми платформасында ЖАОК және (немесе)халықаралық білім беру платформаларында жазылуды (Coursera (Курсера), EdX (Эдикс), FutureLearn (

Фьючелен), Udacity (Юдасити) қолдана отырып, білім беру бағдарламасы кредиттерінің жалпы көлемінің кемінде 10% - ын игеру;

5) онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша басқа ЖЖОКБҰ-мен өзара іс-қимыл.

40. Онлайн-оқыту нысанында оқытуға жалпы көлемі кемінде 72 сағат болатын соңғы 3 жылда IT-құзыреті, онлайн-оқыту әдістемесі мен технологиясы саласында біліктілікті арттыру курсарынан өткен профессор-оқытушылар құрамы жіберіледі.

41. Кәсіптік практиканы, зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, ғылыми тағылымдамаларды практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда күндізгі оқыту нысанда жүргізіледі. Бұл ретте, білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты онлайн нысанда өткізуге жол беріледі.

42. Білім алушылардың сабакқа қатысуы мен үлгерімінің мониторингі білім алушылар контингенті, курсар, контент бірліктері, нақты курсарға не оның контентіне жүгіну статистикасы, платформаға кіру логтары, курсардағы белсенділік серпіні, бағаларды бөлу, қатысу статистикасы бойынша талдамалық есептерді қалыптастыру жолымен ЖЖОКБҰ жүзеге асырылады.

43. Білім беру процесінің тиімділігін бақылау және талдау білім алушы мен оқытушының сандық ізін бақылау арқылы ЖЖОКБҰ жүзеге асырылады.

44. Онлайн оқыту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін карыз алу тұрғысынан міндетті түрде тексеру жүзеге асырылады.

45. Аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу нысанын ЖЖОКБҰ дербес айқынрайды. Аралық және қорытынды атtestаттауды онлайн нысанында өткізу кезінде онлайн прокторинг қолданылады.

46. ЖЖОКБҰ "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрыймен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ қызметінің үлгілік қағидалары) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды атtestаттау жүргізеді. бекітілсін.

47. ЖЖОКБҰ білім беру порталы арқылы әкімшілік-басқару, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналының білім алушылармен, топ кураторларымен/әдвайзерлерімен, ағындармен кездесулер, кураторлық сағаттарды өткізу, білім беру процесі мәселелері бойынша студенттік клубтар отырыстарын өткізу регламентін әзірлейді және жариялады.

48. ЖЖОКБҰ білім алушылар арасында онлайн-оқытуға тартылған білім беру порталы, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер, цифрлық

контент және профессор-оқытушылар құрамы сапасының сәйкестігі түрғысынан сауалнама және (немесе) сауалнама жүргізеді.

49. Онлайн-оқыту және күндізгі оқыту нысандары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ЖЖОКБҰ қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды оқытуудың бір нысанынан екіншісіне ауыстыру каникул кезеңінде және ақылы негізде жүзеге асырылады.

50. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін консультациялық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:

1) өз функционалы шенберінде онлайн оқытуда қажетті құзыреттері бар әкімшілік-басқарушылық, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналдарының болуы;

2) қолжетімді корпоративтік байланыс арналарының болуы;

3) ЖЖОКБҰ-ның ресми сайтында жарияланған онлайн оқытууды үйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық материалдармен;

4) ЖЖОКБҰ цифрлық ресурстарының, сондай-ақ оқыту процесінің тұсаукесерімен білім алушылар үшін бейімдеу апталарын үйымдастыру.

51. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін техникалық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:

1) цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың, онлайн оқытуға тартылған мобиЛЬДІ қосымшалардың қолжетімділігі және үздіксіз жұмыс істеуі;

2) бөлінген үй-жайы бар лицензиялық бағдарламалық қамтылымы бар онлайн-курстардың, электрондық ресурстардың студиялық өндірісін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешенниң жұмыс істеуі болып табылады;

3) онлайн оқытуға тартылған цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың ақпараттық қауіпсіздігі.

52. Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап ЖЖОКБҰ-ны бітіргенге дейін әдістемелік сүйемелдеу үшін қамтамасыз етеді:

1) заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану, оның ішінде аралас оқыту, микро және бейімделген оқыту, виртуалды/толықтырылған шынайылық, геймификация, "маңызды ойындар", Big Data (Биг Дата).

2) онлайн оқытууды үйымдастыру бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеу;

3) онлайн оқыту пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды ЖЖОКБҰ-ның цифрлық платформаларында әзірлеу және орналастыру.